


**БЕКІТЕМІН****Қазтұтынуодағы Қарағанды
халықаралық мемлекеттік
университеттің ректоры****Э.Г.Л., профессор****Е.Б.Аймагамбетов****2022 ж.****МАГИСТРЛІК ЖОБАНЫ РЕСІМДЕУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ
ЕРЕЖЕСІ****Қазтұтынуодағы ҚарУ – Е – 12 – 2022****ҚАРАҒАНДЫ - 2022**

	Магистрлік жобаны ресімдеу және қорғау Ережесі	Нұсқа 1 2022
	Қазтұтынудағы КаpУ-Е-12-2022	2 из 29 стр.

Мазмұны

1	Қолдану мақсаты мен саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер, анықтамалар мен қыскартулар	3
3.1	Терминдер мен анықтамалар	3
3.2	Қыскартулар	3
4	Жауапкершілік және өкілеттік	4
5	Жалпы ережелер	4
6	Магистрлік жобаны жазу және қорғауға дайындау кезендері	6
7	Магистрлік жобаның құрылымдық элементтеріне койылатын талаптар	9
8	Магистрлік жобаны ресімдеу ережесі	11
9	Магистрлік жобаны қорғау тәртібі	16
10	Шығару және тарату	18
11	Сактау	18
12	Қосымшалар	19

	Магистрлік жобаны ресімдеу және қорғау Ережесі	Нұсқа 1 2022
	Казтұтынуодағы ҚарУ-Е-12-2022	3 из 29 стр.

1. Қолдану мақсаты мен саласы

Осы магистрлік жобаны ресімдеу және қорғау Ережелері (бұдан әрі-ережелер) бейіндік бағыттағы магистратураның барлық білім беру бағдарламалары бойынша магистрлік жобалардың құрылымына, оларды ресімдеу және қорғау рәсімдерін ұйымдастыру қағидаларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейді. Ережелер магистранттарға, магистранттардың ғылыми жетекшілеріне, кафедра менгерушілеріне, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінің (бұдан әрі – ЖООКБД) қызметкерлеріне арналған.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

- | | | | |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|
| 2.1 | «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заны | 27.07.2007 (өзгерістермен тоłyқтырулармен) | ж. |
| 2.2 | Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты | 2018 қазанындағы № 604 ҚР Үкіметінің Каулысы (өзгерістермен толықтырулармен) | жылдың 31 және |
| 2.3 | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің Улгілік ережесі | 30.10.2018 ж. № 595 ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен) | ж. |

3. Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар

Осы ережеде терминдер мен анықтамалар «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Занына, ҚР МЖМБС-ға сәйкес қолданылады.

3.1 Терминдер мен анықтамалар

- | | |
|-----------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Магистр | магистратураның білім беру бағдарламаларын менгерген тұлғаларға берілетін дәреже |
| Магистрлік жоба | тандалған білім беру бағдарламасының өзекті мәселесінің қолданбалы міндеттін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және(немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын дербес зерттеу болып табылатын бейіндік магистратура магистрантының бітіру жұмысы |

3.2 Қысқартулар

- | | |
|---------------------|-------------------------------------------------|
| Казтұтынуодағы ҚарУ | Казтұтынуодағы Қарағанды университеті |
| АК | Аттестаттау комиссиясы |
| ҚР МЖМБС | ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты |

	Магистрлік жобаны ресімдеу және корғау Ережесі	Нұсқа 1 2022
	Қазтұтынуодагы ҚарУ-Е-12-2022	4 из 29 стр.

КР БФМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ЖООКБД	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деартаменті
МЖ	Магистрлік жоба
ББ	Білім беру бағдарламасы
СҚ және АО	Сапаны қамтамасыз ету және аккредитация жөніндегі орталық

4. Жауапкершілік және өкілеттік

4.1 Ережені енгізуге және қолдануға ЖООКБД жауапты болады.

4.2 Осы Ереженің сапалы орындалуына магистранттардың ғылыми жетекшілері, бітіруші кафедралардың менгерушілері жауапты және өкілетті.

4.3 ЖООКБД осы Ереже талаптарының орындалуын бақылауға өкілетті.

Жалпы ережелер

5.1 Бейіндік бағыттағы магистрлік бағдарламаның міндетті компоненті магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысы болып табылады. Магистрлік жоба тиісті білім салаларының өзекті колданбалы міндеттерін шешу максатында түлектің ақпараттық-талдамалық және эксперименттік жұмысты өз бетінше жүргізу қабілетін көрсететін нақты бағыт бойынша біліктілік жұмысы болуы тиіс. Магистрлік жоба магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысының қорытындысы болып табылады.

5.2 Магистранттарға бітіруші кафедра әзірлейтін және жыл сайын 30%ға жаңартып отыратын, магистратураның білім беру бағдарламасының академиялық комитетінің отырысында қаралатын, содан кейін оқу жылы басталғанға дейін Қазтұтынуодагы ҚарУ ғылыми кеңесінің (бұдан әрі – Университет) шешімімен бекітіletтін тақырыптар тізбесінен магистрлік жоба тақырыбын таңдау құқығы беріледі. Магистрлік жобалардың тақырыптары ББ бейініне сәйкес келуі, өзекті болуы және ғылым мен техниканың казіргі жағдайына сәйкес келуі тиіс.

Магистрлік жобаның тақырыбы, әдетте, бітіретін кафедраның және жалпы Университеттің ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбымен байланысты болады.

5.3 Магистрлік жоба сондай-ақ үшінші тұлғаларда (мемлекеттік органдарда, ұйымдарда, кәсіпорындарда, басқа да экономикалық субъектілерде) экономикалық, әлеуметтік немесе құқықтық сипаттағы нақты мәселелерді зерделеу қажеттілігі болған кезде тапсырысты зерттеу шеңберінде орындалуы мүмкін. Магистрлік жобаның тапсырыстық тақырыбын таңдау кезінде магистрант кафедраға тиісті ұйымның магистрлік жобаны орындауға арналған жазбаша түрде ресімделген тапсырысын тиісті нысан бойынша жолдама хатпен (1, 2-қосымша) ұсынуы тиіс. Аталған құжат шығарушы кафедраның менгерушісімен келісіледі және оған университет ректоры немесе академиялық мәселелер және стратегиялық даму жөніндегі проректор қол қояды.

	Магистрлік жобаны ресімдеу және корғау Ережесі	Нұсқа 1 2022
	Қазтұтынудағы ҚарУ-Е-12-2022	5 из 29 стр.

5.4 Магистрлік жоба сұратылып отырған бағыттың бейініне сәйкес келетін ғылым кандидаты/докторы ғылыми дәрежесі, ғылыми дәрежесі/академиялық дәрежесі/"философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі бар, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде үш жыл ғылыми жетекшінің басшылығымен орындалады. Магистранттың ғылыми жетекшісі білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар Тізбесіне енгізілген басылымдарда соңғы бес жыл ішінде кемінде 5 ғылыми мақаланың және JCR деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded, Social Science index немесе Arts and Humanities Citation Index базаларының бірінде индекстегін, рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда кемінде бір ғылыми мақаланың авторы болуға тиіс. Citescore бойынша collection немесе процентиль көрсеткіші Scopus деректер базасында кемінде 25 болуы тиіс.

5.5 Ғылыми жетекші мен магистранттың зерттеу тақырыбы окуга кабылданғаннан кейін екі ай ішінде университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

5.6 Магистранттың ғылыми жетекшісі:

- магистрлік жобаны орындау үшін тапсырма береді;
- магистрлік жобаны орындаудың бүкіл кезеңіне күнтізбелік жұмыс кестесін жасауға магистрантқа көмек көрсетеді;
- магистрантқа қажетті негізгі әдебиеттерді, заңнамалық және нормативтік құжаттарды, анықтамалық, статистикалық және мұрағаттық материалдарды, үлгілік жобаларды және басқа да дереккөздерді ұсынады;
- магистранттың эксперименттік-зерттеу қызметі шеңберінде онымен таңдалған тақырып бойынша зерттеумен және магистрлік жобаны жазумен байланысты оны әр түрлөрі бойынша жұмыс жүргізеді, сондай-ақ магистранттың магистрлік жобаны орындаудың күнтізбелік кестесін сактауына ағымдағы бақылауды жүзеге асырады;
- магистрлік жобаның барлық бөлімдерінің көлемін белгілейді және магистранттың жұмысын үйлестіреді;
- магистрлік жобаны аяқтауы бойынша магистрантқа ғылыми жетекші жазбаша пікірін береді;

5.7 Магистрлік жоба ББ-ның негізгі проблематикасына сәйкес келуі, ғылымның, техниканың және өндірістің қазіргі заманғы жетістіктеріне негізделуі, нақты практикалық ұсынымдарды, басқарушылық міндеттердің дербес шешімдерін, негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерін қамтуы, ішкі бірлігі болуы, сондай-ақ озық ақпараттық технологияларды қолдана отырып орындалуы тиіс.

Магистрлік жобаға тән негізгі зерттеу әдістері: салыстыру, өлшеу, эксперимент, талдау, синтез, модельдеу, болжау және т. б. болып табылады.

Магистрлік жоба жұмыстың аналитикалық тиімділігі мен маңыздылығын көрсететін мәтіндік, кестелік және иллюстрациялық материал түрінде зерттеу

	Магистрлік жобаны ресімдеу және қорғау Ережесі	Нұсқа 1 2022
	Қазұтынуодағы ҚарУ-Е-12-2022	6 из 29 стр.

барысында жиналған және өндөлген әр түрлі ақпаратты міндетті түрде ұсынуды қамтиды.

5.8 Магистрлік жоба Қазұтынуодағы ҚарУ-де бар басқадан сілтемесіз алып пайдаланудың лицензиялық жүйесінде міндетті plagiatқа тексеруден өтеді.

5.9 Магистрлік диссертацияны қорғау магистрлік жобаны дайындауды, оны ресімдеу мен қорғау рәсімін қамтиды.

6. Магистрлік жобаны жазу және қорғауға дайындау кезеңдері

6.1 Магистрлік жобаның тақырыбын бекіту үшін магистрант бітіруші кафедраға өтінішпен жүгінеді (3-қосымша), онда тандалған тақырыптың нөмірі мен атауын, сондай-ақ болжамды ғылыми жетекшінің кандидатурасын көрсетеді және оны кафедра менгерушісімен және болжамды ғылыми жетекшімен келіседі. Ұйымның (кәсіпорынның) тапсырысы бойынша магистрлік жобаны орындаған жағдайда магистрлік диссертацияның тақырыбы жолдама хаттың және магистрлік жобаны орындауға тапсырыстың мәтінінде көрсетіледі.

6.2 Окуға қабылданғаннан кейін 2 ай ішінде әрбір магистрант бойынша ректордың бұйрығымен университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде магистрлік жобаның тақырыбы мен ғылыми жетекші бекітіледі.

6.3 Магистрлік жоба қазақ немесе орыс тілдерінде орындалады. Магистрлік жобаны ағылшын тілінде жазуға жол беріледі.

6.4 Магистрлік жобаның негізгі ғылыми нәтижелері, әдетте, ғылыми басылымдарда жарияланады. Бейіндік магистратурада оқитын магистранттар ғылыми журналдарда және/немесе ғылыми/ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында кемінде бір мақала жариялауы тиіс.

6.5 Магистрлік жобалар қорғауға ұсынылғанға дейін шығарушы кафедрада алдын ала қорғаудан (бұдан әрі – алдын ала қорғау) өтуі тиіс.

Алдын ала қорғаудан өту үшін магистрант болжамды қорғау күніне дейін екі айдан кешіктірмей бітіртуші кафедраға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген RTF немесе pdf форматындағы магистрлік жоба;
- 2) "қорғауға жіберілді" немесе "қорғауға жіберілген жок" деген дәлелді қорытындыны көрсете отырып, ғылыми жетекшінің пікірі;
- 3) орындалған жұмыстар туралы белгімен магистранттың толтырылған жеке жұмыс жоспары.

Магистрлік жобаларды алдын ала қорғау бекітілген кестеге сәйкес шығарушы кафедра отырысында өтеді. Алдын ала қорғау нәтижелері бойынша шығарушы кафедра "қорғауға ұсынылды" немесе "қорғауға ұсынылған жок" екені туралы шешім шығарады, ол шығарушы кафедра отырысынын хаттамасымен ресімделеді және бекітіледі.

Алдын ала қорғау бойынша кафедра отырысы хаттамасынан үзінді магистрантқа екі данада беріледі: бір данасы - магистрлік жоба бойынша құжаттар пакетін қалыптастыру үшін, екінші данасы - магистранттарды



корытынды аттестаттаудан өтуге жіберу туралы бұйрықты қалыптастыру үшін ЖООКБД-не ұсынылады.

Шығарушы кафедрада алдын ала қорғаудан сәтті өткен және "корғауға ұсыну" туралы шешім шығарылған жағдайда, магистрант магистрлік жобаны корғауға жіберіледі.

Егер шығарушы кафедра "корғауга ұсынылмайды" деген шешіммен теріс корытынды берген жағдайда магистрант магистрлік жобаны корғауға жіберілмейді.

6.6 Ұйымның (кәсіпорынның) тапсырысы бойынша магистрлік жобаны орындаған жағдайда магистрант тапсырыс беруші ұйымның есебін еркін нысанда жасайды, ал тапсырыс беруші ұйым магистрант алған зерттеу нәтижелерін тапсырыс беруші ұйымның қызметіне қолдану және енгізу мүмкіндігі туралы бірінші басшы қол қойған және осы ұйымның мөр бедерімен куәландырылған хаттаманы ресімдейді (4-қосымша). Бұл құжатты магистрант бітіруші кафедраға магистрлік жобаны қорғаудың болжамды күніне дейін бір айдан кешіктірмей ұсынады.

6.7 Магистрлік жобаның нәтижелерін ұйымның (кәсіпорынның) қызметіне енгізу, енгізу актісімен ресімделеді, оған басшы/басшының орынбасары қол қояды және осы ұйымның мөр бедерімен расталады.

6.8 Бітіруші кафедраларда алдын ала қорғаудан сәтті өткеннен кейін, бірак магистрлік жобаны қорғау күніне дейін бір айдан кешіктірмей шығарушы кафедраның менгерушісі rtf немесе pdf форматында магистрлік жобаны ғылыми жетекшінің оң пікірі болған жағдайда университетте бар басқадан сілтемесіз алып пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйесін пайдалана отырып плагиатқа тексеруді жүзеге асырады. Магистрлік жоба түпнұскалылық дәрежесі кемінде 70% болған кезде оң нәтижемен тексеруден өткен болып есептеледі. Плагиатқа оң нәтижемен тексеруден өткен магистранттар кафедрада плагиатқа тексеру нәтижелері туралы анықтама алады.

6.9 Қорғау алдында магистрлік жоба міндетті түрде шығарушы кафедрада жұмыстың дұрыс рәсімделуіне техникалық норма-бақылаудан өтеді.

6.10 Магистрлік жоба бойынша ББ бейініне сәйкес ғылым кандидаты/докторы ғылыми дәрежесі, ғылыми дәрежесі/академиялық дәрежесі/"философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі және рецензияланатын магистрлік жобаның бейіні бойынша ғылыми жарияланымдары бар рецензент тағайындалады. Рецензент Қазтұтынудагы ҚарУ-дің штаттық оқытушысы/қызметкері болмауы тиіс.

Рецензенттердің кандидатуралары жұмыс орны, атқаратын лауазымы және білімі (ББ бойынша ғылыми/академиялық дәреже/дәреже, жоғары білім туралы диплом бойынша базалық білім) көрсетіле отырып, шығарушы кафедра менгерушілерінің ұсынысы бойынша университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Рецензент магистрлік жобаны зерттеу негізінде жазбаша түрде рецензия дайындауды және оған қол қояды, онда магистрлік жобаның жан-жакты

	Магистрлік жобаны ресімдеу және корғау Ережесі Казұтынудағы КарУ-Е-12-2022	Нұсқа 1 2022 8 из 29 стр.
----------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------

сипаттамасын береді: таңдалған тақырыптың өзектілігін, зерттеудің колданбалы сипаты мен нәтижелілігін, жұмыста тұжырымдалған практикалық ережелердің, нәтижелердің, тұжырымдар мен ұсынымдардың негізділік дәрежесін, олардың тиісті проблемалық аймақтың нақты мәселелерін шешудегі маңыздылығын объективті бағалайды. Рецензияның қорытынды бөлімінде бағасы (кредиттік технология бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-әріптік жүйесіне сәйкес) және тиісті ББ бойынша магистр дәрежесін беру мүмкіндігі/мүмкін еместігі көрсетілген дәлелді қорытынды берілуі тиіс. Рецензенттің қолы оның жұмыс орны бойынша куәландырылуы және мөрмен бекітілуі тиіс.

Магистрлік жобаға рецензия магистрантқа қорғау күніне дейін 10 күннен кешіктірілмей беріледі.

6.11 Қорғаудың белгіленген күнінен 10 күн бұрын магистрант бітіруші кафедраға:

- 1) қатты түптелген магистрлік жобаны;
- 2) Университеттің Ғылыми кеңесінің Ғылыми хатшысы растаған магистранттың ғылыми еңбектерінің тізімін және ғылыми жарияланымдарының көшірмесін;
- 3) зерттеу нәтижелерін енгізу актісін;
- 4) ғылыми жетекшінің жазбаша тұрдегі пікірін;
- 5) рецензент қол қойған, магистрлік диссертацияға рецензияны;
- 6) магистрлік жоба реферетын;
- 7) қорғауға ұсыну туралы шыгарушы кафедра отырысының хаттамасынан үзіндіні;
- 8) магистрлік жобаны plagiatқа тексеру нәтижелері туралы анықтаманы ұсынады.

6.12 Магистрлік жобаларды қорғауға рұқсат университет ректорының бүйрығымен ЖООКБД ұсынымы және шыгарушы кафедра менгерушісі қол қойған магистрлік жобаны қорғауға ұсыну туралы кафедра отырысының шешімінен үзінді негізінде ресімделеді.

7. Магистрлік жобаның құрылымдық элементтеріне қойылатын талаптар

- 7.1 Магистрлік жобаның құрылымдық элементтері болып табылады:
- мұқаба (5-қосымша);
 - титулдық парақ (6-қосымша);
 - мазмұны (7-қосымша);
 - нормативтік сілтемелер;
 - анықтамалар, белгілер және қысқартулар;
 - кіріспе;
 - негізгі бөлім;
 - қорытынды;
 - пайдаланылған дерекекөздерінің тізімі;



– қосымшалар.

7.2 Тақырып параграфы магистрлік жобаның бірінші беті болып табылады және құжатты өндөуге және іздеуге қажетті ақпарат көзі ретінде қызмет етеді. Титул параграфы жұмыстың жалпы бет нөмірленуіне кіреді. Титулдық парактағы бет нөмірі қойылмайды. Титулдық парап шаға сәйкес ресімделеді.

7.3 "МАЗМҰНЫ" магистрлік жобасының құрылымдық элементі кіріспені, реттік нөмірлерді және барлық бөлімдердің, кіші бөлімдердің, тармақтардың атауларын (егер олардың атаулары болса), корытындыны, пайдаланылған дереккөздердің тізімін және осы элементтер басталатын беттердің нөмірлерін көрсете отырып қосымшаларды қамтиды. Мазмұны 7-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

7.4 "НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР" құрылымдық элементі магистрлік жобаның мәтінінде сілтемелер берілген стандарттар тізбесін қамтиды. Сілтеме стандарттарының тізімі келесі сөздерден басталады: "осы магистрлік жобада келесі стандарттарға сілтемелер қолданылады...". Тізбеге стандарттардың белгілері мен олардың атаулары белгілердің тіркеу нөмірлерінің өсу тәртібімен енгізіледі.

7.5 "АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР" құрылымдық элементі магистрлік жобада терминдерді нақтылау немесе белгілеу үшін қажетті анықтамаларды, сондай-ақ магистрлік жобада қолданылатын белгілер мен қысқартулардың тізбесін қамтиды. Анықтамалар тізімі: "осы магистрлік жобада келесі терминдер тиісті анықтамалармен қолданылады..." деген сөздерден басталады. Белгілеулер мен қысқартуларды жазу оларды магистрлік жобаның мәтініне келтіру тәртібімен, қажетті түсіндірмелермен және түсіндірмелермен жүргізіледі.

7.6 Кіріспеде тақырыптың өзектілігі және магистрлік жобаның қолданбалы сипаты, осы проблемалық салада жүргізілетін эксперименттің негізгі аспектілері, мақсаты мен міндеттері, зерттеу объектісі мен пәні, қорғауға шығарылатын әдіснамалық база мен практикалық ережелер, олардың практикалық маңыздылығы, зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу, зерттеу құрылымы мен көлемі көрсетілуге тиіс.

7.7 Магистрлік жобаның негізгі белгінде орындалған жұмыстың мәнін, әдістемесін және негізгі нәтижелерін көрсететін деректер келтіріледі.

Негізгі белімге келесілер кіреді:

– зерттеу бағытын таңдау және оның негізdemесі, есептерді шешу әдістері және оларды салыстырмалы бағалау, жұмыс жүргізуін таңдалған жалпы әдістемесін сипаттау;

– теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеулер процесі, оның ішінде теориялық зерттеулердің сипаты мен мазмұнын анықтау, зерттеу әдістері, есептеу әдістері, эксперименттік жұмыстарды жүргізу қажеттілігінің негізdemесі, ғылыми әзірлемелердің жұмыс істеу қағидаттары, олардың сипаттамалары;

– зерттеу нәтижелерін жалпылау және бағалау және жұмыстың әрі



карайғы бағыттары бойынша ұсыныстар, алынған нәтижелердің шынайылығын бағалау және оларды отандық және шетелдік жұмыстардың нәтижелерімен салыстыру;

- әрбір тарау, бөлім бойынша қысқа қорытындылар.

7.8 Қорытындыда:

- орындалған жобаның нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылар;
- койылған міндеттерді шешудің толықтығын бағалау;
- алынған нәтижелерді нақты колданбалы міндеттерді шешу үшін пайдалану мүмкіндігі болуы керек.

7.9 Пайдаланылған дереккөздердің тізімі магистрлік жобаны жазу кезінде пайдаланылған көздер туралы ақпаратты қамтуы керек. Тізім 8-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

7.10 Қосымшаларға қандай да бір себептермен негізгі бөлікке енғізілмейтін жұмыстарды орындауға байланысты материалдарды (мысалы, қосалқы цифрлық деректер кестелері және т.б.) қосу ұсынылады.

7.11 Сонымен қатар, магистрант магистрлік жобаның мазмұны бойынша **1 баспа табаққа дейін (A4 форматындағы 16 бетке дейін) реферат** жазады. Реферат қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ресімделеді және оған магистрант пен оның ғылыми жетекшісі қол қояды (мазмұндық (мәтіндік) бөлігі баяндаудың барлық тілдерінде бірдей).

7.12 Магистрлік жобаның рефераты 3 данадан кем емес брошюралар түрінде ресімделеді (1 дана магистрлік жобаға салынады, 1 дана университет кітапханасына беріледі, 1 дана шығарушы кафедрада қалады). Реферат беттері араб цифрларымен параптың төменгі бөлігінің ортасында толассыз әдіспен нөмірленеді. Рефераттың титулдық беті беттердің жалпы нөмірленуіне қосылады, бұл ретте бет нөмірінің өзі оған қойылмайды (9, 10-қосымшалар).

Магистрлік жоба рефератында келесі мәліметтер болуы керек:

- жобаның көлемі мен құрылымы;
- иллюстрациялардың, кестелердің, пайдаланылған әдебиет дереккөздерінің саны;
- кілт сөздердің тізбесі; (15-20 сөз);
- зерттеу тақырыбының өзектілігі;
- зерттеудің мақсаты мен міндеттері;
- зерттеу объектісі мен пәні;
- зерттеу әдістері;
- алынған нәтижелер, олардың колданбалы сипаты және практикалық маңызы;
- жарияланымдар туралы мәліметтер.



8. Магистрлік жобаны ресімдеу ережесі

8.1 Жалпы талаптар

8.1.1 Магистрлік жоба компьютерді және принтерді пайдалана отырып, баспа тәсілімен А4 форматындағы ақ қағаз парагының бір жағында бір интервалмен, шрифт – Times New Roman, кегль -14, жиектері: жоғарғы, төменгі және сол жақ жиектері – 20 мм, оң жақ – 10 мм. Мәтіндегі абзац 1 см – ге тен шегініспен басталады. Шрифт түсі - қара.

Магистрлік жобаны орындау әдісіне қарамастан, басылған мәтіннің сапасы және кестелер мен суреттердің дизайны олардың нақты көрсетілу талаптарын қанағаттандыруы керек. Жұмыс барысында кескіннің біркелкі тығыздығын, контрастын және айқындылығын сақтау қажет. Магистрлік жобада анық, ашылмаған сыйықтар, әріптер, сандар, белгілер болуы керек.

8.1.2 Құрылымдық элементтердің атаулары - "МАЗМҰНЫ", "НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР", "АНЫҚТАМАЛАР", "БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР", "КІРІСПЕ", "ҚОРЫТЫНДЫ", "ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ", "ҚОСЫМШАЛАР" - құрылымдық элементтердің тақырыптары болып табылады.

Құрылымдық элементтердің тақырыптары жолдың ортасында бас әріптермен нұктесіз басылыш, қалың қаріппен таңдалуы керек.

8.1.3 Магистрлік жоба бөлімдерінің (тарауларының) тақырыптары абзац шегінісінен орналастырылуы және бас әріппен соңында нұктесіз, астын сызуызыз басылуы тиіс. Тақырыптардағы сөздерді тасымалдауға жол берілмейді. Егер тақырып екі сөйлемнен тұрса, олар нұктемен бөлінеді.

Кіші бөлімдердің тақырыптары абзац шегінісінен басталып, бас әріппен, астын сызуызыз, соңында нұктесіз басылуы керек.

Бөлім тақырыптары қалың қаріппен таңдалуы керек.

Бөлімдердің барлық жұмыс шегінде араб цифрларымен нұктесіз белгіленген реттік нөмірлері болуы тиіс. Кіші бөлімдер әрбір бөлім шегінде нөмірленуі тиіс. Кіші бөлімнің нөмірі бөлім нөмірінен және нұктемен бөлінген кіші бөлімнен тұрады. Бөлімше нөмірінің соңында нұкте қойылмайды. Бөлімдер сияқты бөлімдер бір немесе бірнеше тармақтардан тұруы мүмкін. Тармақтың соңында нұкте қойылмайды, мысалы: 3.2.1, 3.2.2 және т. б.

Мысал:

1 Жобаның бірінші бөлімінің (тарауының) атауы

1.1

1.2 Бірінші бөлім (тарау) тармақтарының нөмірленуі

1.3

2 Жобаның екінші бөлімінің (тарауының) атауы

2.1



2.2 Екінші бөлім (тарау) тармақтарының нөмірленуі

2.3

Әрбір тармақ немесе тармақша абзац шегінісінен жазылады.

Магистрлік жобаның әр бөлімі (тарауы) және әр құрылымдық элемент жаңа беттен басталуы керек. Кіші бөлімдердің (параграфтардың) және тармақтардың мәтінін жеткілікті орын болған жағдайда аяқталмаған беттің бос бөлігінде басып шығаруға болады.

8.1.4 Бөлімнің (тараудың), кіші бөлімнің (параграфтың) және тармақтың атаулары арасындағы қашықтық бір жолға шегіністі құрауға тиіс; параграфтың (тармақтың) атауы мен мәтіннің арасындағы қашықтық мәтіннен екі жолды құрауға тиіс; алдыңғы параграфтың (тармақтың) мәтіннің соңы мен келесі параграфтың (тармақтың) атауы арасындағы қашықтық мәтіннен екі жолды шегіністі құрауға тиіс.

8.1.5 **Магистрлік жобаның көлемі 60-80 бет құрайды.** Магистрлік жобаның көрсетілген көлеміне қосымшалар енгізілмейді.

8.1.6 Магистрлік жобаның беттері араб цифрларымен нөмірленеді, нөмірлеу толассыз, бірінші титулдық парактан басталады. Титулдық парактағы бет нөмірі қойылмайды. Беттің нөмірі парактың төменгі бөлігінің ортасына нүктесіз қойылады.

Жеке парактарда орналасқан иллюстрациялар мен кестелер жоба беттерінің жалпы нөмірленуіне кіреді. АЗ форматындағы парактағы суреттер, кестелер бір бет ретінде қарастырылады.

8.1.7 Белгілі бір терминдерге, формулаларға, теоремаларға назар аударудың компьютерлік мүмкіндіктерін пайдалануға рұқсат етіледі.

8.1.8 Тегі, мекемелердің, ұйымдардың, фирмалардың атаулары, өнімдердің атаулары және жұмыстағы басқа да атаулар түпнұсқа тілінде берілген. Тиісті атауларды транслитерациялауға және ұйымның атауын магистрлік жобаның тіліне түпнұсқа атауын қоса отырып (бірінші аталған кездегі) беруге рұқсат етіледі.

8.2 Иллюстрациялар

8.2.1 Иллюстрацияларды (сызбалар, карталар, графиктер, схемалар, диаграммалар, фотосуреттер) магистрлік жобада олар бірінші рет айтылған мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналастыру керек. Иллюстрациялар компьютерлік дизайнда, соның ішінде түрлі-түсті болуы мүмкін.

8.2.2 Иллюстрация "Сурет" сөзімен белгіленеді. Егер сурет біреу болса, онда ол "1-сурет" деп белгіленеді. "Сурет" сөзі мен оның атауы иллюстрацияның (суреттің) ортасынан кейін орналастырылады. Иллюстрациялардың нөмірленуі магистерлік жоба шегінде толассыз (араб цифрларымен). "Сурет" сөзі және оның атауы келесідей:

**Мысал:**

1-сурет - Аспаптың бөлшектері

Мәтінде әр суретке сілтемелер қажет. Суреттерге сілтеме жасағанда "... 2-суретке сәйкес" деп жазу керек.

8.3 Кестелер

8.3.1 Сандық материал, әдетте, кесте түрінде жасалады. Кестелер көрсеткіштерді салыстырудың көрнекілігі мен ыңғайлылығы үшін қолданылады. Кестенің атауы оның мазмұнын көрсетуі керек, дәл, қысқа болуы керек. "Кесте" сөзі кестенің үстіне сол жақта, сзықша арқылы нөмірі мен атауы бар бір жолға шегініссіз қойылуы керек.

8.3.2 Кесте магистрлік жобада бірінші рет айтылған мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналасуы керек.

8.3.3 Кестені бағанның тақырыбынан кейін тасымалдау (аудыстыру) кезінде бағанның нөмірін көрсете отырып, жолды қосу қажет. Кестенің жалғасына бағанның атауы көшірілмейді, бірақ бағанның нөмірі көрсетіледі.

8.3.4 Магистрлік жобада барлық кестелерге сілтемелер болуы керек. Сілтеме кезінде сіз оның нөмірін көрсете отырып "кесте" жазуыңыз керек.

8.3.5 Жолдар саны көп кестені басқа парапка (бетке) тасымалдауға рұқсат етіледі. Кестенің бір бөлігін басқа парапка (бетке) аудыстырған кезде "Кесте" деген сөз және оның нөмірі кестенің бірінші бөлігінің оң жағында бір рет көрсетіледі, басқа бөліктердің үстіне "Кестенің жалғасы" деген сөз жазылады және кестенің нөмірі көрсетіледі (мысалы, "1-кестенің жалғасы"). Кестені басқа парапка (бетке) аудыстырған кезде тақырып тек оның бірінші бөлігінің үстіне қойылады.

Графалары көп кестені бөліктерге бөлуге және бір бөлігін екінші беттің астына орналастыруға рұқсат етіледі. Егер кестенің жолдары мен бағандары беттің пішімінен асып кетсе, онда бірінші жағдайда кестенің әр бөлігінде Бас, екінші жағдайда буйір қайталанады.

Егер кесте бағанының әртүрлі жолдарында қайталанатын мәтін бір сөзден тұратын болса, онда оны бірінші жазудан кейін тырнақшалармен аудыстыруға жол беріледі; егер екі және одан көп сөзден тұратын болса, онда бірінші қайталашу кезінде оны "сол" деген сөздермен, ал бұдан әрі - тырнақшалармен алмастырады. Қайталанатын сандардың, маркалардың, белгілердің, математикалық және химиялық таңбалардың орнына тырнақша коюға жол берілмейді. Егер кестенің кез-келген жолында сандық немесе басқа деректер берілмесе, онда олар сзықша қояды.

Кестені ресімдеу мысалы 1-суретте келтірілген.



Кесте

Бас	нөмір	кесте атаяуы		
		Бүйір	Бағандар (баганалар)	

Бүйір (тақырып үшін баған)
Бағандар (баганалар)

Такырып
Бағандартакырыпша
Жолдар (горизон.)
(горизонталь қатар)

1-сурет - Кестені ресімдеу мысалы

8.3.6 Қосымшалар кестелерінен басқа кестелерді араб цифrlарымен толассыз нөмірлеу арқылы нөмірлеу керек.

8.3.7 Кестенің бағандары мен жолдарының тақырыптары бас әріппен жекеше түрде, ал бағандардың тақырыпшалары кіші әріппен, егер олар тақырыппен бір сөйлем құраса немесе егер олар дербес мәнге ие болса, бас әріппен жазылуы керек. Кесте тақырыптарының және тақырыпшаларының соңында нүктे коймайды.

8.3.8 Сол, он және тәменгі кестелер әдетте сыйықтармен шектеледі. Кестеде мәтіннен кіші қаріп өлшемін қолдануға рұқсат етіледі.

8.4 Ескертулер

8.4.1 "Ескерту" сөзі абзаңтан бас әріппен басылуы және асты сыйылмауы тиіс.

8.4.2 Егер мәтіннің, кестенің немесе графикалық материалдың мазмұнына түсініктемелер немесе анықтамалық деректер қажет болса, ескертулер жұмыста келтіріледі. Ескертпелерде талаптар болмауы тиіс.

8.4.3 Ескертпелер мәтіндік, графикалық материалдан кейін немесе осы ескертпелер жататын кестеде тікелей орналастырылуы тиіс. Егер Ескерту біреу болса, онда "Ескерту" деген сөзден кейін сыйықша қойылады және Ескерту бас әріппен басылады. Бір ескерту нөмірленбейді. Бірнеше ескертулер араб цифrlарымен нүкте қоймай рет-ретімен нөмірленеді. Кестеге ескерту кестенің соңында кестенің соңын көрсететін сыйықтың үстіне қойылады.

Мысал:

Ескерту - жолма-жол жазулар басылмайды.

Бірнеше ескертулер араб цифrlарымен ретімен нөмірленеді.

Мысал:

Ескертулер

1 Жолма-жол жазулар басылмайды;

2 Құжаттар нотариатпен расталады;

	Магистрлік жобаны ресімдеу және корғау Ережесі	Нұсқа 1 2022
	Қазтұтынудағы КаРУ-Е-12-2022	15 из 29 стр.

3Ұйым басшысы бекітеді.

8.5 Формулалар мен тендеулер

8.5.1 Формулалар мен тендеулер мәтіннен бөлек жолға бөлінуі керек. Эрбір формуланың немесе тендеудің үстінде және астында кемінде бір бос жол қалуы тиіс. Егер тендеу бір жолға сыймаса, онда ол тең (=) белгісінен кейін немесе қосу (+), алу (-), көбейту (x), бөлу (:) немесе басқа математикалық белгілерден кейін ауыстырылуы тиіс, әрі белгі келесі жолдың басында қайталанады. Формуланы көбейту амалын білдіретін белгіге ауыстырган кезде "x"белгісі қолданылады.

8.5.2 Магистрлік жобадағы формулаларды барлық жұмыс шегінде араб цифрларымен дөңгелек жақшада жолдағы ең оң жақ позицияда реттік нөмірмен нөмірлеу керек.

Мысал:

$$A=a:b; \quad (1)$$

$$B=c:e \quad (2)$$

8.5.3 Қосымшаларда орналастырылған формулалар әр қосымшаның алдында қосымшаның белгісін қоса отырып, әр қосымшаның шегінде араб цифрларымен жеке нөмірленуі тиіс, мысалы, формула (В.1).

8.5.4 Мәтіндегі формулалардың реттік нөмірлеріне сілтемелер жақшада беріледі, мысалы, "... (1) формуласында". Математикалық тендеулердің магистрлік жобасында ұсыну тәртібі формулалармен бірдей.

8.6 Сілтемелер

8.6.1 Пайдаланылған әдеби дереккөздерге сілтемелер магистрлік жобаның мәтінінде пайда болуына қарай әдебиет тізіміндегі дереккөздің нөмірі және дереккөздегі бет көрсетіле отырып, шаршы жақшада араб цифрларымен нөмірленеді. Интернет-дереккөздерге сілтемелер дереккөздің мекенжайы көрсетіле отырып келтіріледі.

8.6.2 Дереккөздер туралы мәліметтер магистрлік жоба мәтініндегі дереккөздерге сілтемелердің пайда болу ретімен орналастырылуы және араб цифрларымен нұктесіз нөмірленуі және абзац шегінісінен басылуы тиіс. Монографиялар, мақалалар және мерзімді басылымдар немесе басқа басылымдар үшін библиографиялық сілтемелердегі бөлу белгілері әртүрлі.

8.7 Қосымшалар

8.7.1 Қосымшалар пайдаланылған дереккөздер тізімінен кейін магистрлік жобаның жалғасы ретінде ресімделеді.

	Магистрлік жобаны ресімдеу және қорғау Ережесі	Нұсқа 1 2022
	Қазұтынуодагы ҚарУ-Е-12-2022	16 из 29 стр.

8.7.2 Жоба мәтінінде барлық қосымшаларға сілтемелер берілуі тиіс Қосымшалар жоба мәтінінде оған сілтемелер тәртібімен орналастырылады.

8.7.3 Әр қосымшаны жаңа беттен бастау керек, беттің жоғарғы жағындағы "Қосымша" сөзі, оның белгілері көрсетілген.

8.7.4 Қосымшада мәтінге қатысты симметриялы түрде жеке жолда бас әріппен жазылатын тақырып болуы керек.

8.7.5 Қосымшалар Е, З, Й, О, Ч, Ъ, Ы, ЪІ әріптерін қоспағанда, А-дан бастап қазақ алфавитінің бас әріптерімен белгіленеді. "Қосымша" деген сөздің алдында оның реттілігін білдіретін әріп шығады.

8.7.6 Қосымшаларда құжаттың қалған бөлігімен ортақ беттердің толассыз нөміренуі болуы тиіс.

9. Магистрлік жобаны қорғау тәртібі

9.1 Магистрлік жобаларды қорғау магистратураның білім беру (ББ) бағдарламасы бойынша аттестаттау комиссиясының (бұдан әрі - АК) отырысында жүзеге асырылады.

9.2 Магистрлік диссертацияны қоргау:

1) қатты түптелген магистрлік жоба;
2) ғылыми жетекшінің оң жазбаша пікірі;
3) магистрлік жоба тақырыбы бойынша магистранттың кемінде бір ғылыми жарияланымы;

4) магистрлік диссертацияны қорғауға ұсыну туралы шығаратын кафедраның оң шешімі (кафедра отырысының хаттамасынан үзінді);

5) рецензент қол қойған магистрлік жобаға рецензиялар, онда жұмыстың жан-жақты сипаттамасы және тиісті ББ бойынша магистр дәрежесін беру мүмкіндігі туралы дәлелді қорытынды беріледі;

6) магистрлік жобаны plagiatқа тексеру нәтижелері туралы анықтамалар;

7) зерттеу нәтижелерін енгізу актілері бар болған кезде жүзеге асырылады.

9.3 Магистрлік жобаны қорғау АК-ның ашық отырысында оның мүшелерінің кемінде 2/3-нің қатысуымен өткізіледі.

9.4 Бір магистрлік диссертацияны қорғау ұзақтығы-40 минуттан аспайды. Магистрлік жобаны қорғау үшін магистрант 5-7 минут ішінде АК алдында баяндама жасайды.

9.5 Магистрлік жобаны бағалау кезінде келесілер ескеріледі:

- орындалған жұмыстың көлемі;
- зерттеудің дербестігі;
- жұмыста жаңа технологияларды қолдану;
- алынған нәтижелердің қолданбалы сипаты және басқару міндеттерін шешуде оларды практикада қолдану мүмкіндігі;
- материалды баяндау сауаттылығы, дәлдігі және аналитикалық зерттеу деңгейі;
- жұмысты безендірудің (ресімдеудің) қойылатын талаптарға сәйкестігі;



- корғауда баяндаманың сапасы (дәлдік, сауаттылық, кәсіптік терминдарді колдана білу, көрсетілімдік материалдың сапасы және т.б.);
- корғау уақытында қойылған сұрақтарға және рецензенттің ескертпесіне жауаптардың дұрыстығы мен толықтығы;
- магистрант жарияланымдарының, магистранттардың ғылыми-практикалық конференцияларда сөз сөйлеулерінің саны;
- магистранттың ғылыми-зерттеу тақырыптары мен жобаларын әзірлеуге қатысуы.

9.6 Магистрлік жобаны корғау нәтижелері әрбір магистрантқа білек хаттамамен ресімделеді.

9.7 Магистрлік жобаны қорғау бойынша бағалау туралы, сондай-ақ магистр дәрежесін беру және өзіндік үлгідегі диплом беру туралы шешімдер жабық отырыста отырыска қатысқан комиссия мүшелерінің жай көпшілік дауысымен жасырын дауыс беру арқылы қабылданады.

9.8 Қорытынды аттестаттаудан өткен, магистратураның тиісті білім беру бағдарламасын менгергенін растиған және магистрлік жобаны көпшілік алдында қорғаған магистрантқа АҚ шешімімен тиісті ББ бойынша "магистр" дәрежесі беріледі және қосымшасы бар өзіндік үлгідегі диплом беріледі.

10. Шығару және тарату

10.1 Ереже көшірмелерін шығаруды және таратуды ЖООКБД қамтамасыз етеді.


10.2 Ереженің көшірмелері магистранттар шығаратын кафедраларға және Университеттің ЭҚЗ ФЗИ-на іберілуі тиіс.

11. Сақтау


11.1 Ереженің тұпнұсқасы ЖООКБД-де, ал көшірмесі СҚ және АО-да сақталады..

ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:

ЖООКБД директоры, ә.ғ.к., доцент


О.А.Тян

Бас маман


Г.М.Қалқабаева

**КЕЛІСІЛДІ:**

Фылыми-зерттеги және инновациялық
қызмет жөніндегі проректор,
Э.Ф.Д., профессор

 Г.Е. Накипова

ҚБД директоры

 Ю.Н.Еремин

СК және АО директоры,

Э.Ф.К., доцент

 Д.Г.Кудикенова



12. Қосымшалар

1-қосымша

(ұйымның/кәсіпорынның фирмалық/ресми бланкісінде орындалады)

Магистрлік жобаны орындауға тапсырыс

«_____» 20 ____.

Ұйым

(тапсырыс беруші ұйымның толық атауы)

тақырыбына

магистрантқа

(топ, ЖОО)

(тегі, аты, әкесінің аты)

магистрлік жобаны орындауға тапсырыс береді.

Тапсырыспен магистрлік жобаны орындаудың қажеттілік себебі

Тапсырыс беруші-ұйым

Бірінші басшының ТАӘ, лауазымы

қолы

мөр

	Магистрлік жобаны ресімдеу және көргөзу Ережесі	Нұсқа 1 2022
	Қазтұтынуодағы ҚарУ-Е-12-2022	20 из 29 стр.

2-қосымша

(ұйымның/кәсіпорынның фирмалық/ресми бланкісінде орындалады)

Қазтұтынуодағы Қарағанды
университетінің ректоры
Э.Ғ.Д., профессор
Е.Б.Аймағамбетовке

Жолдама хат

Ұйым

(тапсырыс беруші ұйымның толық атауы)

оқудың бірінші жылындағы Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің
магистранты

(ББ шифры мен атауы)

тобы

(топ атауы)

(магистранттың ТАӘ)

"

"

(тапсырыспен берілген магистрлік жұмыс тақырыбының атауы)

тапсырыспен берілген тақырыпты магистрлік зерттеу аясында орындау
мүмкіндігін қарасты сұрайды

Бірінші басшының ТАӘ, лауазымы

қолы

мөр

	Магистрлік жобаны ресімдеу және корғау Ережесі	Нұсқа 1 2022
	КазТұтынудағы КаРУ-Е-12-2022	21 из 29 стр.

3-қосымша

(кафедра атапы)
кафедрасының менгерушісі

(ғылыми дәрежесі/атапы, каф. менгерушісінің ТАӘ)

магистрант

(магистранттың ТАӘ, тобы)


Өтініш

Маган магистрлік жобаның «_____»
тақырыбын бекітіп беруінізді және ғылыми жетекші ретінде
тәғайындауынызды сұрайды
ғылыми жетекшінің ТАӘ, ғылыми дәрежесі, ғылыми атаеві

(ғылыми жетекшінің қолы)

(магистранттың қолы)

(каф. менгерушісінің қолы)



3-қосымша

(кафедра атапу)
кафедрасының менгерушісі

(ғылыми дәрежесі/атапы, каф. менгерушісінің ТАӘ)

магистрант

(магистранттың ТАӘ, тобы)

Отініш

Маган магистрлік жобаның «_____»
тақырыбын бекітіп беруінізді және ғылыми жетекші ретінде
тағайындауынызды сұрайды
ғылыми жетекшилік ТАӘ, ғылыми дәрежесі, ғылыми атаеві

(ғылыми жетекшінің қолы)

(магистранттың қолы)

(каф. менгерушісінің қолы)

	Магистрлік жобаны ресімдеу және корғау Ережесі	Нұсқа 1 2022
	Казтұтынудағы ҚарУ-Е-12-2022	22 из 29 стр.

4-қосымша

Ұйым _____
(ұйымның толық атауы)

№ ____ ХАТТАМАДАН ҮЗІНДІ

« ____ » ____ 20 ____ ж.

ТЫНДАДЫ
Магистрант _____
(ЖОО атауы, ББ, топ)

(магистранттың тегі, аты, әкесінің аты)

тақырыбына хабарламасы

ҚАУЛЫ ЕТТИ

Магистрант _____
(магистранттың ТАӘ)
магистрлік жоба бойынша

тақырыбына хабарламасын тыңдал
ұйым басшысы _____
(ұйым басшысының ТАӘ)

осы магистрлік жобада келтірілген тұжырымдар мен ұсыныстарды ұйымның қызметінде ескеру және қолдану керек екенін атап өтті. Магистрлік жобада көрсетілген ұсыныстар ұйымның қызметінде сыналсын, содан кейін оларды енгізу Актісімен ресімдеп, он нәтижелер енгізіледі.

Ұйым басшысы _____
(қолы) _____ (қолдың расшифровкасы)

Ұйым мөрі



5-қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАГАНДЫ УНИВЕРСИТЕТИ

ӘОЖ (әмбебеп ондық жіктеу индексі)

Колжазба құқығында

И.А.Зайберт

ШКІ АУДИТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ КӘСІПОРЫНДА ОНЫҢ ТИІМДІЛІГІН
БАҒАЛАУ

білім беру бағдарламасы бойынша

Магистр ғылыми дәрежесін
алуга магистрлік жоба

ҚАРАГАНДЫ – 20__



6-қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТИ

Көргөзға жіберілді:
Бухгалтерлік есеп және аудит
кафедрасының менгерушісі, ә.ғ.д.,
профессор
_____ В.И. Березюк
(қолы)
«____» 20__ ж.

Магистрлік жоба

ШІКІ АУДИТТІ ҰЙЫМДАСТАЫРУ ЖӘНЕ КӨСПОРЫНДА ОНЫҢ ТИІМДІЛІГІН
БАҒАЛАУ

7M04108 – Есеп және аудит

Магистрант

И.А. Зайберт

(қолы)

Ғылыми жетекші,
экономика ғылымдарының кандидаты,
профессор

К.С. Мадиева

(қолы)

ҚАРАҒАНДЫ – 20__

	Магистрлік жобаны ресімдеу және корғау Ережесі	Нұсқа 1 2022
	Қазтұтынуодагы ҚарУ-Е-12-2022	25 из 29 стр.

7-қосымша

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
КІРІСПЕ	4
1 ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР	7
1.1 Теориялық аспектілер	7
1.2 Негізгі	14
1.3 Кезеңдер	20
2 ТАЛДАУ	26
2.1 Талдау	26
2.2 Бағалау	33
2.3 Тиімділік	40
2.4 Талдау	47
3 ЖЕТИЛДІРУ	55
3.1 Негізгі бағыттар	55
3.2 Әдістеме	62
3.3 Жетілдіру жолдары	69
КОРЫТЫНДЫ	76
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ	78
ҚОСЫМШАЛАР	80

	Магистрлік жобаны ресімдеу және көргөзу Ережесі	Нұсқа 1 2022
	Қазтұтынудағы ҚарУ-Е-12-2022	26 из 29 стр.

8-қосымша

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-кимыл кезеңі 2020 жылғы 1 күркүйек // <https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses>. 03.09.2020.

2 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы. 2017-2021 жылдарға Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Стратегиялық жоспарын бекіту туралы: 2017 жылғы 10 наурызда бекітілген, №61 // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38283666. 26.01.2018.

3 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. 2020-2025 жылдардағы Қазақстан Республикасының денсаулығын сақтауды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылы 26 желтоқсанда бекітілген, №982 // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000982>. 2.04.2020.

4 Getzen T.E. Health Economics: Fundamentals and Flow of Funds. – NY.: John Wiley & Sons, 2012. – 464 p.

5 Popescu L.G. Analysis of National Health Strategy 2014-2020 // Theoretical and Applied Economics. – 2015. – Vol. 22, №4(605). – P. 177-188.

6 Шейман И.М., Шишкин С.В. Российское здравоохранение новые вызовы и новые задачи. – М.: Баспа үйі ГУ ВШЭ, 2009. – 65 б.

7 Утибаев Г.М. Административно-правовые аспекты управления здравоохранением в Республике Казахстан: монография. – Алматы: Санат, 1998. – 112 б.

8 Рахимбекова А.Е. Государственное регулирование и управление деятельности системы здравоохранения Республики Казахстан // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. – 2014. – №1. – Б. 182-187.

9 Хальфин Р.И. Организация системы здравоохранения в США // <https://cyberleninka.ru/article/n/organizatsiya-zdravoohraneniya>. 15.01.2019.

10 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Бірыңғай ұлттық жүйесін құру Тұжырымдамасы: 2009 // <https://online.zakon.kz/Document>. 30.01.2018.

11 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы: 2017 жылы 29 қарашада бекітілген, №790 // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000790>. 15.05.2019.

12 Лобачев В.В. Автореферат на соискание ученой степени кандидата экономических наук. Эффективное управление региональной системой здравоохранения: автореф. ... канд. эконом. наук: 08.00.05. – Курск, 2018. – Б. 15-21.

13 Социальная модернизация Казахстана // <https://www.inform.kz/ru/social-naya-modernizaciya-kazahstana-dvadcat-shagov-k-obschestvu>. 28.03.2018.



9-қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАГАНДЫ УНИВЕРСИТЕТИ

ӘОЖ

Колжазба құқығында

Зайберт Ирина Альфредовна
Zaibert Irina

Ішкі аудитті ұйымдастыру және кәсіпорында оның тиімділігін бағалау
Организация внутреннего аудита и оценка его эффективности на
предприятии

Organization of internal audit and audit performance evaluation in enterprise

7M04107 «Есеп және аудит»

7M04107– Учет и аудит

7M04107 «Accounting & audit»

Магистрлік жобаның рефераты

Қазақстан Республикасы
Караганды, 20 __



10-қосымша

(рефераттың титулдық бетінің көрі жағы)

Жұмыс Қазтұтынуодагы Қарағанды университетінде орындалды

Ғылыми жетекші: _____
(қолы)

экономика ғылымдарының кандидаты,
профессор Қ.С. Мадиева



Танысу парагы